

№38 қазақ орта мектебі

Ата-аналарды қолдау педагогикалық қолдау орталығы

«ӘРБІР БАЛА – ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ»



Орындаған 4 «В» сынып жетекшісі: Оразалы М.О

2023-2024 оқу жылы

Сабақтың тақырыбы: «Әрбір бала-жарық жұлдыз»

Мақсаты: Жан - жақты жетілген, білімді де тәрбиелі, қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеп, ата-ана аманатын жалғастыратын толыққанды азамат тәрбиелеу. Жас ұрпақты өз ойын жеткізе білуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу. Ұстаз, ата-ана және оқушылар арасындағы психо- педагогикалық ынтымақтастықты дамыту, ата-аналардың мектеппен әлеуметтік байланысын нығайту.

Ән. «Анаға тағзым»

Мұғалім сөзі:

Сәлеметсіздер ме, құрметті жиналған қауым!

«Отбасы - қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. Көп ұлт өкілдері мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді», - деген екен.

Олай болса сол отбасындағы маңызды бір бөлік - бала. Ұстаз, ата-ана және оқушылар арасындағы психо- педагогикалық ынтымақтастықты дамыту, ата-аналардың мектеппен әлеуметтік байланысын нығайту мақсатында біз бүгінгі сыныптан тыс жұмысымызды ұйымдастырып отырмыз. Біздің мақсатымыз - оқушы бойында ата-анаға, ұстазына деген құрметін арттыру. Шара барысында өз бойларындағы икемділіктерін, қабілеттерін орынды пайдаланулары арқылы өз күштеріне, білімдеріне сенімділіктерін қалыптастыру.

Ата-ананың үміті

Тәрбиелеп келесіз

Ел қорғайтын жігітті.

Қыз бой жетіп келеді

Шуақ шашып әр үйге,

Гүлдей жайнап өссінші

Сыйлы болып бәріне.

Ата-ананың жүрегі

Бала деп қана соғады

Баласы жақсы адамның

Басына бақыт қонады. -дей келе құрметті ата-аналар, оқушылар, олай болса біз І бөлімімізді бастаймыз. Бірінші бөліміміз «Артық болмас таныстық» деп аталады.

Алдарыңыздағы шарды үріп, қара жолақ жабыстырып, өз портреттеріңізді жасаңыздар, сол жасаған портрет бойынша өзіңіздің мақсатыңызды және арманыңызды айтып кетіңіз! . Солай әр ата-ана және әр оқушы өздерін таныстырып кетеді.

Енді құрметті ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді. Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар.

Ат болатын құлынды
Желі басынан танысың,
Адам болар ұлынды
Жолдасынан танысың.
Батыр болар баланды
Тұлғасынан танысың.

Жақсы болар баланды
Ел қасынан танысын.

- Автордың негізгі ойы қандай?
- Біз оны бүгін қалай пайдалана аламыз?

Автордың ойы сіздің бала тәрбиесі туралы түсінігіңізге сәйкес келе ме? Осы сұрақтар 3 топқа қойылып, талқыланады.

- Темперамент – адамның мінез-құлқының динамикалық және эмоционалдық жағын сипаттайтын туа біткен жеке психофизиологиялық ерекшеліктері.
- Темперамент қасиеттері туа бітеді. Олар нәресте өмірінің алғашқы айларынан бастап пайда бола бастайды және өмір бойы дерлік өзгермейді. Олар белгілі бір қызметке, көзқарасқа, әлеуметтік бағдарға және танымдық белсенділікке әсер етеді.
- Темпераментке сәйкес адамдардың 4 түрі бөлінеді – холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Қолшатыр әдісімен ата-аналарға сұрақ қойылады?

Топтық жұмыс: «Әр бала жарық жұлдыз» терминін қалай түсінеміз?

Ал осы тұста ата-аналарымызға қағаздан қиылған жүректер таратып беремін. Сол жүректің бір бетіне балаларын мақтағанда қандай сөз айтады, ал екінші бетіне балаларын жазалағанда қандай сөз айтатынын жазып, оқып береді. Видеоролик көрсетіледі. «Пікірден шындық туады, шындық кірлеген ойды жуады», -деп ата-аналардың пікірін біле отырайық.

Ата-аналарға :

1-жағдаят

Тоқсандық қорытынды бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік. Сіздің іс-әрекетіңіз.

2-жағдаят

Балаңыз мектептен жылап келді ”мұғалім маған ұрысты” деп ... Сіз не істер едіңіз?

3-жағдаят

Бала мен бала мектептен шығып келе жатқанда бір-бірімен төбелесіп қалды. Ол бала сіздің балаңыздың өте жақын жолдасы еді. Сіздің іс-әрекетіңіз

4-жағдаят

Балаңыз - өте жақсы оқитын бала. Бір күні сабақтан екі алып, мұғалімнің ескертпесі күнделікке жазылып келді. Сіз не істер едіңіз?

5-жағдаят

Балаңыз «Математика сабағы тіпті ұнамайды» - дейді. Сіз қандай шара қолданар едіңіз. Қорытынды сынақ «Балаңызды қаншалықты білесіз?» Ата-ана мен балаға бірдей сұрақтар қойылып, жауабы тыңдалады және пайыздық көрсеткішпен есептеледі.

Туылған күнің қашан?

Ең жақын досың кім?

Бос уақытыңды қалай өткізесің?

Сыныпта кіммен бірге отырасың?

Сабақтан нешеде шығасың?

Сүйікті асың не?

Ата-анаңа қандай көмек бересің?

Қай пәнді жақсы көресің?

Арманың не?

Сүйіп оқыған шығармаң қандай?

1. Балаңыздың туылған күні қашан?

2. Балаңыздың ең жақын досы кім?

3. Балаңыз бос уақытын қалай өткізеді?

4. Балаңыз сыныпта кіммен бірге отырады?

5. Балаңыз сабақтан нешеде шығады?

6. Балаңыздың сүйікті асы не?

7. Балаңыз сізге қандай көмек береді?

8. Балаңыз қай пәнді жақсы көреді?

9. Балаңыздың арманы не?

10. Балаңыздың сүйіп оқыған шығармасы қандай?

Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «дiңгек тобы»- дiңгектi, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

Ұстаздарыңызға деген талап - тiлектерiңiздi тiкұшаққа жазып, «тамыр тобы»- тамырға, «дiңгек тобы» - дiңгекке, «жапырақ тобы» - жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, дiңгегi - ұстаз, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, дiңгегi мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемiсiн бередi.

1. Тәрбиенiң ең тамаша мектебi-отбасы.

2. Бала әкеден-ақыл, анадан-мейiрiм алады.

3. Балапан қыран болу үшiн оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек.

4. Баланы 5 жасқа дейiн патшадай күт, 10 жасқа дейiн құлдай жұмса,

15 жастан асқан соң-досындай сырлас. деген екен дана халқымыз. Дарынсыз боп туылатын бала жоқ, дарынды дамыту ата-ана мен ұстаздар, бiздiң қолымызда. Ендеше, әрбiр баланың жұлдыздай жарқырауына өз үлесiмiздi қосайық. Сыныптан тыс ұйымдастырылған iс-шараға белсене қатысқан ата-аналарымызға үлкен алғысымызды бiлдiреміз.

